

Қорағаты шағын орталықты орта мектебінің қамқоршылық кеңес отырысының

№2 Хаттамасы

Қорағаты ауылы

29.09.2020 жыл

Күн тәртібінде

1. Қорағаты шағын орталықты орта мектебінің директоры Б.Е.Сүлеймановтың қамқоршылық кеңес алдындағы есебі

1.Тыңдалды: Б.Е.Сүлейманов – мектеп директоры.

XXI ғасыр- жаңалықтар ғасыры. Ел басы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында болады»- деп атап көрсеткен. «Мектеп-зияткерлік шеберханасы» дейтін болсақ, еліміздегі ірі өзгерістер, қоғамдағы жаңалықтар білім ордаларында, мектептерде өз көрінісін тауып келеді. Тұғыры биік еліміздің ертеңінің бүгінгіден де жарқын болуы-рухы асқақ, өресі биік, білімді де білікті ұрпақ қолында. Осы талап үдесінен шығып, адам бойындағы ізгілік атаулыны қалыптастыратын ұлтты тәрбиелеудің кепілі - мектеп. Осындай білім ошақтарының бірі- Қорағаты ауылында орналасқан Қорағаты шағын орталықты орта мектебі.

Т.Рысқұлов ауданының Қорағаты ауылында орналасқан Қорағаты шағын орталықты орта мектебі- бүгінгі заманның талабына сай қызмет жасап келе жатқан білім шаңырағы. Мектеп 1984 жылы пайдалануға берілген.Типтік жобамен салынған.784 орындық.Пайдалы алаңы:400 кв\м.Мектеп спорт залы: 279 кв\м Асхана: 60 орындық .АКТ залы: 100 орындық.Пән кабинеттері: 24.Оқу шеберханасы: 1.Информатика кабинетінде 17 машина бар.Мектеп бойынша жалпы 44 машина бар.Оның 24 машина интернет желісіне қосылған. Интерактивті тақта:4. Білім ошағының алдына қойған басым бағыттары- өмірге бейімді, ұлтжанды танымдық белсенділігі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты ұжым өзара ынтымақтаса отырып, бүгінгі күні нәтижелі жұмыс істеу бағытында еңбек етуде.

2020-2021 оқу жылын мектеп 239 оқушымен бастап отыр.Мектепте барлығы 40 педагог қызметкер жұмыс істейді. Оның ішінде 35 педагог қызметкер жоғары білімді, 5- мұғалім арнаулы орта білімді. Педагог қызметкерлердің сапалық құрамын сөз етер болсақ, сапалық құрамы – 48-52 пайызды құрайды. Яғни, 40 педагог қызметкердің 2-уі жоғары санатты, 15 мұғалім бірінші санатты, екінші санатты 13 мұғалім болса, санаты жоқ-10 мұғалім қызмет етуде. Әр мұғалім жаңартылған білім мазмұны бойынша білімдерін жетілдіріп отырады.Мектеп жылыту маусымында көмірмен жылытылады. Сонымен қатар, әлеуметтік жағдайы төмен,көп балалы отбасы балалары бір реттік көмекпен қамтамасыз етілген. 1-11 сыныптар аралығында 57 оқушы бір реттік көмек алады. Барлығы әлеуметтік санатына қарай іріктеліп алынды және құжаттары түгел жиналып, АББ-ға өткізілді.Станция қорағатыдан 36 оқушы тасымалданады және Аққайнар,Тойқұдық,Мамыртөбеден 16 оқушы тасымалданады.Мектеп дәстүрлі түрде оқиды.Барлығы санитарлық талапқа сай.

Тағы бір айта кетерлік жағымды жаңалық, биылғы жылы қосымша білім беру бойынша қазақша күрес, би өнері, қол өнер және дәстүрлі ән орындау бойынша оқушылар қамтылып отыр. Мектептегі шешімін таппай отырған мәселелер жоқ емес, бар. Мектеп айналасын асфальтау және АКТ залындағы орындықтардың тозығы жеткен, сонымен бірге, мектеп жанындағы интернатта материалдық-техникалық базаларының тозығы жеткен. Тозығы жеткені туралы сіздерге айта отырып, осы кемшіліктерді шешуге өз тараптарыңыздан ықпал етулеріңізді сұраймын. Мектеп басшысы ретінде қамқоршылық кеңес алдында есеп беруге дайындық барысында мектепте соңғы 3 жылда атқарылған жұмыстарға талдау жасау үшін мынадай сұрақтар негізге алынды: 1. Мектептің бүгінгі жетістіктері қандай, оның әлсіз және күшті жақтары қайсы? 2. Мектептегі проблемалардың мәні неде? 3. Қазір мектеп қай деңгейде? 4. Болашақта қай деңгейде болуға тиіс? 5. Мектеп қазіргі күйінен болашақтағы күйіне өтуі үшін не істеу қажет? Міне осындай сұрақтарға жауап бере отырып, мектеп директоры ретінде ұжыммен бірлесе отырып соңғы 3 жылда атқарған жұмыстарға талдау жасадым.

«Мектеп- бұл зияткерлік шеберханасы» екенін ескерсек, осы аталған зияткерлік шеберханасы қазіргі заман талаптарына сай жабдықталған болуы тиіс. Мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіруде мектебіміздің тұрақты демеушілері, жомарт жандардың көмегімен осындай игі істер атқарылып жатқанын ерекше қуанышпен жеткіземіз. Сонымен қатар, 2020-2021 оқу жылында Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру аясында ашылған «Рухани жаңғыру жобалық офисі» де мектеп игілігі үшін қызмет етіп, бүгінгі күні мектебіміздің көрікті жерлерінің біріне айналып отыр.

1. Сөйледі: Ж. Қондыбаев - Қамқоршылық кеңес мүшесі

Мектептің АКТ залындағы отыратын орындықтардың тозығы жеткені және қазіргі заман талабына сай орындықтармен жабдықталса деген ұсыныс білдіремін.

2. Сөйледі: Р. Нажетханов - Қамқоршылық кеңес төрағасы

Қорағаты шағын орталықты орта мектебі жанындағы интернаттың жалпы жағдайы жақсы екендігін және ол жердегі бір мәселе интернаттың материалдық-техникалық базасының ескіруі болып табылатындығын айтып өтті. Біз Қамқоршылық кеңес мүшелері мектеп жанындағы интернатқа барып, тәрбиеленушілердің жататын орнын, тамақтанатын орнын, жуынатын, басқа да жақтарын қарап көрдік. Іші жылы, таза, талапқа сай. Бірақ жаңартылған жиһаздармен және төсек орын жабдықтарымен қамтамасыз етілсе өте жақсы болар еді деген ұсыныс айтамын.

ШЕШІМІ:

1. Қорағаты шағын орталықты орта мектебінің директорының Қамқоршылық кеңес алдындағы есебі қанағаттанарлық болып танылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:




Р.Нажетханов

Қорағаты ауылының маманы:



Ж.Қондыбаев

Қорағаты ауылының маманы:



Ф.Нұржан

Қорағаты ауыл учаскелік инспекторы:



Қ.Сарсенқұлов

Жеке кәсіпкер:



Р.Бактыбаева

Қорағаты дәрігерлік

амбулаториясының медбикесі:




Н.Алкереева

Қорағаты ауыл кітапханашысы:




Н.Мұханбетова

Қорағаты жастар маманы:



Г.Үдербаева

Ата-аналар комитетінің мүшесі:



Э.Кенжебекова

